

Еуразиялық экономикалық комиссияның 2021 жылғы 8 маусымдағы № 63 шешімінің күшіне енуі туралы

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 7 шешімі.

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Асқар Маминнің өтінішін 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 16-бабының 7-тармағының ережелеріне және Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (аталған Шартқа № қосымша) 30-тармағына сәйкес қарап және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 8 маусымдағы "Эспорттың кедендік рәсіміне жатқызылған ЕАЭО СЭҚ ТН 2402 және 2208 тауар позицияларындағы Еуразиялық экономикалық одақ тауарларына қатысты кедендік транзиттің кедендік рәсімдерін қолдану туралы" № 63 шешіміне (бұдан әрі - № 63 шешім) өзгерістер енгізу мәселесі бойынша Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпаратын назарға ала отырып, Еуразиялық үкіметаралық кеңес **шешті**:

№ 63 шешім (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 98 шешімінің редакциясында) осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді деп белгіленсін.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

<i>Армения</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Республикасынан</i>	<i>Федерациясынан</i>